БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 208 (9270) | 1953 жылғы 14 октябрь Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Колхоздарда, совхоздарда, МТС-тер мен өнеркәсіп орындарында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығы құрметіндегі социалистік жарысты барған сайын кең өрістетіп, даңқты мерекеге лайықты тартулар әзірлейік!

Октябрь мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесіне көп уақыт қалған жоқ. Енді 22 күннен кейін совет халқы және бүкіл алдыңғы қатарлы адам баласы өміріндегі бұл ең жарқын, қуанышты мейрамды мерекелейді.

Совет халқы Октябрь мерекесін жыл сайын жаңа табыстармен қарсы алуды өзінің дәстүріне айналдырып келеді. Кәзір ұлан-байтақ еліміздің кәсіпорындарында, ауыл шаруашылығында, транспортында және шаруашылықтың басқа да салаларында Октябрьдің 36 жылдығына лайықты тартулар әзірлеу мақсатында мереке алдындағы социалистік жарыс күннен-күнге кең өріс алып, қыза түсуде.

Бұл күндері еліміздің еңбекшілері Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің СССР Одағын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында, СССР Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларында, СОКП Орталық Комитеті қыркүйек Пленумының қаулысында және ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің елімізде мал шаруашылығын өркендету, картоп пен овощь өндіруді арттыру, МТС жұмыстарын жақсарту шаралары туралы соңғы қаулыларында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру жолында қажырлылықпен аянбай еңбек етуде. Совет халқы партия мен үкметіміздің бұл қаулы-қарарларын халық шаруашылығын онан әрі өркендете берудің нақтылы программасы деп біліп, оны күнбе-күнгі жұмыстарында басшылыққа алып отыр.

Партия мен үкметіміздің бұл сыяқты орасан зор қамқорлығы әрбір жұмысшының, колхозшының, қызметшінің, бүкіл еңбекшілердің еңбекке деген творчестволық белсенділігін, сменалық, айлық, жылдық тапсырмаларды мерзімінен бұрын, артығымен орындауға өндірістік ынта-жігерін бұрықтыған анағұрлым арттыра түсуде. Демек, бұл саяси және өндірістік өрлеу Ұлы Октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыспен ұштасуда. Совет халқының кәзіргі кезден отырған мақсаты — өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын бұдан да жоғары дәрежеде өркендете беру арқылы халық тұтынатын тауарлардың және азық-түліктің молшылығын жасау, сөйтіп, партия мен үкметіміздің бұл жөнінде алға қойып отырған міндеттерін мін[illegible]

шылығын өркендетуде жаңа табыстарға ие болып келе жатқан колхоздар, МТС-тер мен совхоздар аз емес. Мысалға Октябрь ауданындағы «Щит», Конюхов ауданындағы «Путь Ленина», Преснов ауданындағы Абай атындағы колхоздар мен Приишім МТС-ін және Мамлют асыл тұқымды мал совхозын алайық. Бұларда малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру және келесі жылғы егіннен мол өнім алу жолындағы күрес күннен-күнге қыза түсуде. Мал қыстатуға әзірлік тыңғылықты жүргізілуде. Алдағы егіске жоғары сапалы тұқым әзірленуде. Бұл жұмыстардың барлығына колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшылары белсене қатысады. Олардың көздеп отырған мақсаты —Октябрь мерекесін мал және егін шаруашылығында жаңа табыстармен қарсы алу.

Бірақ, істің жайы барлық жерде бірдей деуге болмайды. Мереке алдындағы социалистік жарысты өрістете алмай, өндірістік тапсырмаларды орындауда жоғары көрсеткіштерге ие бола алмай келе жатқан кәсіпорындары, колхоздар мен совхозда жоқ емес. Киров атындағы заводтың, Микоян атындағы ет-консерві комбинатының және аяқкиім фабрикасының басшылары социалистік жарысқа нақтылы басшылық етпейді. Соның салдарынан бұл кәсіпорындарының соңғы айларда тапсырманы орындау көрсеткіштері қанағаттанғысыз болып отыр. Ал, аталған кәсіпорындарда тапсырманы толық және асыра орындауға мүмкіншілік бар ма? Әрине, бар. Бірақ, кәсіпорындарының партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары сол мүмкіншіліктерді пайдалану жөніндегі күрес-ке іскерлікпен басшылық ете алмай келеді. Олар социалистік жарысты ұйымдастыру, оның орындалуын тексеру ісімен жеткіліксіз шұғылданбайды. Міне, осының барлығы аталған кәсіпорындарында еңбек өнімділігінің тиісті дәрежеде болмауына, өнімнің сапасы төмен, өзіндік құны жоғары болуына әсер етіп келеді.

Социалистік жарысқа басшылық ету дәрежесі Жаңа ауданының Калинин атындағы, Октябрь ауданының Жамбыл атындағы колхоздарында өте-мөте төмен. Бұл колхоздарда мал қыстатуға әзірлік жұмыстары әлі күнге аяқталған жоқ. Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы күрес нашар. Екі колхозда да [illegible]

Октябрьдің 36 жылдығы қарсаңында

Петропавл паровоз депосының комсомол-жастар бригадасы Октябрь мерекесі алдындағы жарыста алда келеді.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) комсомол-жастар бригадасының нұсқаушысы комсомолец **Н. Лесков** депо кезекшісі **А. Жгун** жолдаспен бірге жас машинистердің алған міндеттемелерін орындауының барысын тексеріп отыр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

МЕРЕКЕ ҚҰРМЕТІНЕ

Петропавл темір жол бөлімшесінің колективі Омск паровоз депосы теміржолшыларының Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығын өндірістік айқыты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету жөніндегі үндеуін қызу қарсы алды. Петропавл паровоз депосының коллективі мүмкіншіліктердің шақыруын қостай отырып, осы жылғы 1 октябрьге дейін жоспардан тыс 1 паровозды көтерме жөндеуден, 5 паровозды жуып жөндеуден өткізуге, еңбек өнімділігін 5 процентке дейін арттыруға, локомотивтерді жуып-жөндеуде 50 мың сом қаржы үнемдеуге міндеттенді.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының „ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы" қаулысы және Қазақстан партия ұйымының міндеттері

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VI пленумының қаулысы

(Жалғасы. Басы газетіміздің өткен санында).

г) тарының шығымдылығын арттыруға шаралар қолданылсын, тары егісі жаңа тың жерлерге орналастырылсын, тұқым себу көп қатарлы әдіспен жүргізілсін. Егістердің дер кезінде қатараралығын тракторлмен өңдеу және тарыны 5—6 күн ішінде жыйнап алу қамтамасыз етілсін;

д) колхоздар мен совхоздарда күнбағысты өсіруді бағаламаушылыққа тыйым салынсын. Күнбағыс барлық егіс көлемінде шаршы-уялы әдіспен себілетін болсын, егістіктің сапалы түрде күтілуі қамтамасыз етілсін және әрбір колхоз бен совхоз күнбағыстың гектарынан кем дегенде 7—8 центнер тұқым алатын болсын.

СОКП Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес республиканың солтүстік-шығыс облыстарында мәйлы зығыр егісінің көлемі арттырылсын.

3. Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы Орталық Комитеттің бюросын, Министрлер Советін, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігін, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттерін, бұл облыстардың аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерін республикада мақта өндірудегі артта қалушылықты жоюды міндеттейді, жаңа жерлерді игеру есебінен де, барлық суармалы жерлерді толық пайдалану есебінен де мақта егісінің көлемін ұлғайту жөнінде, сол сыяқты мақтаның шығымдылығын бұдан былай да арттыра беру және колхоздар мен совхоздардың әрбір гектарынан 26—27 центнер шитті мақта алуы жөнінде шаралар белгілеуді міндеттейді.

4. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, Жамбыл, Талдықорған, Алматы облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері, бұл облыстардың аудандық партия ко-

[illegible]

[illegible]

[illegible]

Октябрь мерекесі алдындағы социалистік жарыс облысымыздың алдыңғы қатарлы заводтарында, фабрикаларында, комбинаттарында, кәсіпшілік артельдерінде, транспорт орындарында, колхоздар мен МТС-терінде және совхоздарында, сондай-ақ басқа да шаруашылық орындарында кең өріс алуда. Мәселен, Октябрь революциясы атындағы Былтағы заводының коллективі мерекеге алдындағы жарысқа тегіс ұштасып, өнім шығару қарқынын бұрынғыдан анағұрлым арттыра түсті. Завод бойынша сентябрь айына тағайындалған жоспар 109 процент орындалды. Заводтың барлық цехтары отандық жаңа техникалармен жабдықталуда. Мұның өзі 1952 жылғымен салыстырғанда өткен 9 айдың ішінде өнімнің өзіндік құнын 3,5 процент кемітуге мүмкіндік берді. Кәзір заводта 13 бригада мінсіз сапалы өнім шығарушылар бригадасы деп аталады. Бұл бригадаларда сменалық тапсырмаларын орындамайтын бірде-бір жұмысшы жоқ.

«Бірінші май» кәсіпшілік артелінің коллективі де социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, өткен 9 айдың өндірістік тапсырмасын 101 процент орындаса, сентябрь айының өндірістік тапсырмасын 117,9 процент орындап цықты. Мұнда киім тігу сапасы бұрынғыдан едәуір жақсара түсті. Жақында тігіншілер Октябрь мерекесін жаңа табыстармен қарсы алу жөнінде кетеріңкі міндеттемелер алды. Бұл күндері олар алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу жолында аянбай еңбек етуде. Тігіншілер Шумакова, Кубасова, Трофимова жолдастар сменалық тапсырмаларын 115 — 130 процеттен орындап, басқаларға еңбектің үлгісін көрсетуде. Артель басшылары социалистік жарыстың орындалуын үнемі бақылап оның қорытындысын кезінде шығарып тігіншілерге естіртіп отырады. Мұның өзі тігіншілердің өндірістік белсенділігін онан сайын арттыра беруге зор әсер етіп келеді.

Мереке алдындағы социалистік жарысты өрістете отырып, мал және егін шаруашылығын нығайтуда, ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын жақсартуда, ауылдарды, совхоздарды, МТС-тер мен машина-малшаруашылық станцияларын, машина-трактор станцияларын, машина-малшаруашылық станцияларының жұмысын онан әрі жақсарта беру туралы мәселелерге ерекше назар аударуда.

Мереке алдындағы социалистік жарысты өрістете отырып, мал және егін шаруашылығын онан әрі өркендетуге, бүкіл совет адамдарының әл-ауқат күйін барған сайын жақсарта түсуге жасан отырған зор қамқорлығына жауап ретінде ауыл-село еңбекшілері кәзір аскан зор жігермен еңбек етуде. Кәзір жергілікті партия, совет ұйымдарының аса жауапты міндеті—осы саяси және өндірістік өрлеуді қолдай білу және оны онан әрі өрістету.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесі алдындағы социалистік жарысты қалада және ауылда кеңінен өрістетейік! Бұл жарыста қаңа табыстарға жету арқылы мерекеге лайықты тартулар әзірлейік!

Чкалов облысы, Белозер МТС-нің комбайншысы П. В. Нектовке Социалистік Еңбек Ері атағын беру туралы

СССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Белозер МТС-нің комбайншысы Прокофий Васильевич **Нектовтың** еңбекте көрсеткен ерлігі, Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанымызды қорғау кезінде ауыр жарақаттануына байланысты екі аяғынан айырыла тұрып қатарынан бірнеше жыл бойына дәнді дақылдарды жыйнауда және бастыруда жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін СССР Жоғарғы Советінің Президиумы **қаулы етеді:**

Прокофий Васильевич **Нектовке Социалистік Еңбек Ері** атағы берілсін, **Ленин** орденімен **«Орақ және Балға»** алтын медалі қоса тапсырылсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль
10 октябрь, 1953 жыл.

Академик В. А. Обручевті Ленин орденімен наградтау туралы

СССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Ғылым саласындағы аса көрнекті еңбегі үшін және туған күніне 90 жыл толуымен байланысты академик Владимир Афанасьевич **Обручев Ленин** орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль
9 октябрь, 1953 жыл.

келеді. Жөндеуден өткізуге тиіс мал қоралары жөнделіп болған жоқ. Алдағы жылдың егісіне тұқым дайындаудың барысы баяу. Осылай бола тұрса да, колхоз басшылары бұл артта қалушылыққа қынжылар емес.

Кәсіпорындарындағы және ауыл шаруашылығындағы мұндай кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды. Сондықтан жергілікті партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары мерекеге алдындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету арқылы өндірістік тапсырмалардың толық орындалуына жетісін отырулары керек.

Социалистік жарыстың аса маңызды шарты—жарыс нәтижелерін қалың бұкарға кезінде естіртіп отыру, жұмыстың жақсы әдістерін көпшілікке үлгі етіп көрсете білу, озаттардың тәжрибелерін кеңінен таңату. Партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары жарыста табысқа жетудің осылар сияқты пешуші шарттарына айырықша назар аударып отыруға тиіс.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы және ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің соңғы қаулылары, сондай-ақ ҚКП Орталық Комитетінің VI пленумының қаулысы облысымыздың еңбекшілері арасында бұрын- соңды болып көрмеген саяси және өндірістік өрлеу туғызды. Партия мен ұкметіміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге, бүкіл совет адамдарының әл-ауқат күйін барған сайын жақсарта түсуге жасан отырған зор қамқорлығына жауап ретінде ауыл-село еңбекшілері кәзір аскан зор жігермен еңбек етуде. Кәзір жергілікті партия, совет ұйымдарының аса жауапты міндеті—осы саяси және өндірістік өрлеуді қолдай білу және оны онан әрі өрістету.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесі алдындағы социалистік жарысты қалада және ауылда кеңінен өрістетейік! Бұл жарыста қаңа табыстарға жету арқылы мерекеге лайықты тартулар әзірлейік!

Үлгілі әзірлікпен қарсы алмақ

Полудень ауданындағы Ленин атындағы колхоздың мүшелері Ұлы Октябрь мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты өрістете отырып, мал қыстату маусымына ойдағыдай әзірленуде.

Колхозда сиыр малы тұратын 14 қора сапалы жөндеуден өтті. Жаңадан 400 қой сыятын бір қора салынды. Сиыр малына арналып салынып жатқан қораның құрылысы аяқталуға жақын.

Мұнда быйыл қоғамдық малға жемшөп жеткілікті мөлшерде дайындалды. Маялаған 25 мың центнер шөптің едәуірі мал қораларының жанына тасылды. Шөп тасуда 12 көлік арбасы жұмыс істеп жүр Колхозшылар С. Грац, И. Вяль және А. Амон жолдастар күніне 120—130 центнерден шөп тасып, күндік тапсырмаларын асыра орындап жүр. Шөп тасушылар өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете түсуде.

Егін алаңдарының 8 мың центнер сабан -топаны маяланды. 25 гектар жерге өгілген мал азығындық қызылша қазылып жатыр. Оның әр гектарынан 130 центнерден өнім алынуда.

Колхоз мүшелері ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің қаулыларын жүзеге асырудағы шаралардың бірі мал қыстату маусымын үлгілі өткізу үшін оған барлық жағынан толық әзірленуде.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

ді.

Депо жұмысшыларының сөзі мен ісінің арасында айырма жоқ. Жұып-жөндеу цехының комплексті бригадасы октябрь айының алғашқы 10 күндігінде жарты айлық тапсырманы толық орындап шықты. Бригада осы айдың аяғына дейін тапсырмадан тыс 4 паровоз жөндеуге ұйғарып отыр. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, аталған цехтың Мухан, Соболев жолдастар басқарған комплексті бригадалары да 4 паровозды жоспардан артық жөндемек.

Паровоз депосының механикалық цехының станокшылары Омск паровозшыларының шақыруын толық қостап, дақпты мерекені еңбек өнімділігін арттырумен, шығарылатын өнімнің сапасын жақсартумен қарсы алуға ұйғарды. Осы цехтың токарьлары Шевелев, Некрасов, Никитин, бұрғышылары Акольшина, Моностырская, жонушы Назымов және басқалары бұл күндері өз сменаларында екі-үш нормаға дейін орындап жүр. Бұлардың шығарған өнімі тек қана жақсы және өте жақсы деген бағалармен қабылдануда.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесі құрметіне темір жол бөлімшесінің басқа да бірнеше коллективтері ұлғайтылған міндеттемелер алуда. Сөйтіп, Омск депосы паровозшыларының үлгісімен Петропавл темір жол бөлімшесінің коллективі дақпты мерекені лайықты өндірістік тартулармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты барынша өрістетуде. Бұл өзінің айтарлықтай нәтижелерін беруде.

Б. ӘЛМАҚАНОВ.

Машина-трактор станциялары мен машина-малшаруашылық станцияларының жұмысын онан әрі жақсарта беру туралы

МТС-тер мен ММШС- тердің жұмысын онан әрі жақсарту ауыл шаруашылығын өркендетіп, өрістету жөніндегі, елімізде халық үшін азық-түлік молшылығын, жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау жөніндегі шұғыл міндеттерді ойдағыдай орындаудың керекті шарты болып табылатындығын ескере отырып, Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы қаулы етеді:

1. СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысына сәйкес шығарылған ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Машина-трактор станцияларының жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысы мүлтіксіз басшылыққа және орындалуға алынсын. Республиканың МТС-тері мен ММШС-терінің негізгі міндеті —колхоздарда барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық малдың санын көбейтіп, сонымен бірге оның өнімділігін арттыру, МТС-тер мен ММШС-терді қамтылтын колхоздарда егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы және товарлы түсімін молайту деп белгіленсін.

2. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы, Министрлер Советі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері МТС-тер мен ММШС-тердің жұмысына басшылықты батыл жақсартуға міндеттелсін, таяу жылдардың ішінде егіншілікте, әсресе, қырман басында дән тазарту, сабан мен топан жыйнау жұмыстарында механикаландыруды аяқтауды қамтамасыз ететін болсын, мал шаруашылығында және, ең алдымен пішенді маялауда, жемшөп әзірлеуде, су жеткізуде, сиыр сауда, картоп пен овощь өндіруде еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кеңінен механикаландыратын болсын.

3. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері трактор жұмыстарының сапасын жақсартып, бұл жұмыстарды агротехникалық жақсы, қысқа мерзім ішінде өткізуге міндеттелсін; МТС-тер мен ММШС-тердің барлық ауылшаруашылық жұмыстары жөнінде колхоздармен жасасқан договорлары бойынша өзара алысқан міндеттемелерінің сөзсіз орындалуы қамтамасыз етілсін;

4. Партия, совет және ауылшаруашылық органдары МТС-тер мен ММШС-терді тракторшылар мен трактор бригадаларының бригадирлерімен және олардың көмекшілерімен, экскаватор машинистерімен есеп жүргізуші-май қуюшылармен тағы басқа қызметкерлермен толықтыруға жете көңіл бөліну міндеттелсін; МТС-тер мен ММШС-терді тұрақты кадрлармен толықтырудың жаңа системасы және механизатор кадрлардың еңбегіне ақы төлеудің жаңа шарттары артықша жағдай туғызатындығы МТС-тер мен ММШС-тердің жұмысшыларына, түсіндірілсін; МТС-тер мен ММШС-тердің тұрақты механизатор кадрлары үшін тиісті тұрғын үй—тұрмыс және өндіріс жағдайлары жасалуына керекті шаралар қолданылсын

Облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері өнеркәсіп орындары мен мекемелерде жұмыс істеуші бұрынғы механизаторларды зайқындап, МТС-тер мен ММШС-терге қайтару жөнінде кеңінен жұмыс жүргізетін болсын.

5. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері МТС-тер мен ММШС-терді басшы және инженер-техник кадрлармен нығайтуға ерекше көңіл аударуға міндеттелсін, 1953 жылы республиканың өнеркәсібінен, халық шаруашылығының басқа да салаларынан МТС терде, ММШС-терде директор, бас инженер, жөндеу мастерскойының меңгерушісі болып жұмыс істеу үшін инженер-механиктер жіберілсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі арнаулы білімі жоқ, бірақ МТС мен ММШС-терде жұмыс істеп, өздерін жақсы жағынан көрсеткен МТС директорларының мамандығын арттыру жұмысын ұйымдастыратын болсын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері МТС-терде және ММШС-терде машина-трактор паркін толық пайдалануға, трактор бригадаларында еңбек ұйымдастыруды жақсартуға міндеттелсін; машина-трактор паркін техникалық жағынан күту ісі дұрыс ұйымдастырылсын, тракторлардың, комбайндардың және басқа машиналардың тұрып қалуы жойылсын, барлық тракторшылардың, комбайншылардың және машинистердің сменалық жұмыс нормаларын орындауы қамтамасыз етілсін.

Барлық МТС-тер мен ММШС-терде тракторлар мен комбайндардың сағаттық графигі қолданылатын болсын, шаруашылық есебі және басқа прогрессіл әдістер қолданылсын, өйткені бұл әдістер машина-трактор паркінің жұмыс өнімділігін арттырудың және барлық ауылшаруашылық жұмыстарын агротехникалық жағынан ең жақсы мерзім ішінде атқарудың өте маңызды шарты болып табылады.

7. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, МТС-тер мен ММШС-тердің директорлары тракторлардың, комбайндардың, тағы басқа ауылшаруашылық машиналарының дер кезінде өте сапалы жөнделуін қамтамасыз етуге міндеттелсін, мұның үшін жөндеу жұмысын үзілдік әдіспен жүргізуді ұйымдастыратын болсын. Мастерскойларды, складтарды және тұрмыс үйлерін жөндеу жұмысы, сол сияқты станоктарды, басқа да құрал-жабдықтарды жөндеу таяу күндердің ішінде аяқталсын.

Әрбір МТС пен ММШС тракторларға, басқа да машиналарға керекті запас бөлшектермен қамтамасыз етілсін, бұл запас бөлшектерді МТС-тер мен ММШС-терде және жөндеу кәсіпорындарында жасап, жаңарту өндірісі ұйымдастырылатын болсын, сол сияқты әрбір МТС пен ММШС-терде трактор бригадаларында техникалық жағынан қамту мұқтаждары үшін тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарының агрегаттарын және үзелдерін ауыстыру қоры жасалатын болсын.

8. Партия, совет және ауылшаруашылық органдарының басшылары МТС-тер мен машина- малшаруашылық станцияларының өндірістік-фитинс қызметін үзіліксіз бақылауды қамтамасыз етуге міндеттелсін, трактор бригадаларының, жөндеу мастерскойларының, МТС пен машина-малшаруашылық станциялары транспортының жұмысында шаруашылық есептің мүлтіксіз қолданылуын қамтамасыз ететін болсын, мемлекеттік жоспарлар бойынша көзделген жұмыстарды орындау үшін МТС -тер мен ММШС-тердің барлық материалдық -техникалық және ақша қаражаттарын дұрыс пайдалануға бақылау қойылатын болсын.

9. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері тұрғын үйлер мен жатақханалар, мастерскойлар,

(Соны 2-бетте).

СОКП Орталық Комитеті Пленумының „ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы“ қаулысы және Қазақстан партия ұйымының міндеттері

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VI пленумының қаулысы

(Соңы).

тракторларды, комбайндарды және ауылшаруашылық машиналарын сақтау үшін сарайлар мен алаңдарды салу жұмысын жақсартудың барлық шараларын қолдануға міндеттелсін, әрбір МТС пен ММШС-тің 1953 жылы белгіленген құрылыс жоспарын сөзсіз орындауы, сол сияқты 1954 жылы көлемі жағынан үлкен құрылыс жүргізуге әзірлік істеу қамтамасыз етілсін.

10. Казнефтесбыт, Казглавмашсбыт, Казсельхозснаб МТС-тер мен ММШС-терді мұнай өнімдерімен, запас бөлшектермен және жөндеу материалдарымен жабдықтау жөніндегі жұмысын жақсартуға міндеттелсін, облыстар бойынша бұл материалдардың дұрыс бөлінуін және МТС-тер мен ММШС-терге дер кезінде жеткізілуін қамтамасыз ететін болсын.

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысына, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Машина-трактор станцияларының жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес таяу уақытта МТС-тер мен ММШС-терге колхоздарды қамту үшін агрономдар мен зоотехниктер жіберу, колхоздардың қоғамдық шаруашылықтарының барлық салаларын өркендету үшін МТС-тер мен ММШС-тердің мамандарының ролі мен жауаптылығын арттыру міндеттелсін.

Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту туралы

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының республиканың алдына қойған, ауыл шаруашылығы жөніндегі үлкен және күрделі міндеттерін орындау Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің, олардың жергілікті органдарының жұмысын негізінен жақсартуды керек етеді, сол сияқты партия және совет органдарының колхоздарға, МТС-терге, ММШС-терге және совхоздарға басшылықтың жақсартуды талап етеді.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің Пленумы Орталық Комитеттің бюросын, Министрлер Советін, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігін, Совхоздар министрлігін, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттерін, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерін мынаны істеуге міндеттейді:

1. Колхозшылардың, МТС, ММШС және совхоз қызметкерлерінің өскен саяси, өндірістік белсенділігіне басшылық етілсін. Бұлардың белсенділігі СОКП Орталық Комитеті Пленумының, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуді көздейтін қаулыларын орындауға бағыт талсын, партия және комсомол күші жұмыстың шешуші участоктеріне дұрыс орналастырылсын, селолық коммунистер мен комсомолцетердің көпшілігі колхоз өндірісіне жіберілетін болсын; колхоз және совхоз өндірісінде коммунистер мен комсомолцетердің авангардтық ролі арттырылсын, сөйтіп коммунистер мен комсомолцетер ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендетуге колхозшыларды МТС және совхоз қызметкерлерін өз үлесі арқылы ұйымдастыратын болсын.

2. Ауыл шаруашылығын өркендету мәселелерін шешуге формальды қарау тыйылсын, колхоздардың, МТС, ММШС және совхоздардың істерін егжей-тегжейіне дейін біле отырып шешу қолданылсын, олардың ішінде артта қалғандарын ширамал шаруашылығының өнімділігін жоғары дәрежеге жеткізген колхоздар, совхоздар, бригадалар, фермалар және колхоз бен совхоз өндірісінің озаттары толып жатқандығын көрмейді.

4. ҚКП Орталық Комитетінің пленумы облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттерінің, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің назарын мынаған аударады: бірсыпыра облыстар мен аудандарда мына сияқты зиянды практика — ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алатын, жұмысты жақсы істеуші және мал шаруашылығы өнімділігін арттырушы озат колхоздарға мемлекет міндеттемелері жөнінде тапсырмаларды артта қалған, жұмысты нашар істеуші колхоздардан анағұрлым артық белгілейді, мұның өзі ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын және мал шаруашылығы өнімділігін арттыру жолындағы күреске ынталандырмайды.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы Орталық Комитеттің бюросына және республиканың Министрлер Советіне мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін міндетті түрде тапсырудың гектарлық тұрақты нормаларын белгілеуде жіберілген қателерді түзетуді тапсырады. Нормаларды белгіленген кезде жеке экономикалық және табиғи аймақтардың өзгешеліктері, жердің сапасы еске алынатын болсын және бұдан былай міндетті түрде өнім тапсырудың гектарлық нормалары белгіленген мөлшерде мұлтіксіз сақталатын болсын.

5. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы, Министрлер Советі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, Совхоздар министрлігі, жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдары ауылшаруашылық насихатын, ғылым табыстары мен озат тәжрибені өндіріске енгізу ісін жете бағаламаушылығын тыюға міндеттелсін және озат тәжрибені өндіріске кең қолдану ауыл шаруашылығына [illegible] руалардың арасында ауылшаруашылық ғылымының табыстары және озат тәжрибе жөнінде лекциялар оқылуын кеңінен өрістететін болсын, лекция оқуға талымдарды, мамандарды, ауыл шаруашылығының жаңашылдары мен озаттарын қатыстырып отыратын болсын.

6. Пленум мынаны атап көрсетіп: В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы, оның ғылми-зерттеу мекемелері ауылшаруашылық өндірісімен өте нашар байланысты және ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу, мал шаруашылығының өнімін арттыру жөніндегі ғылым табыстарын, озат тәжрибені өндіріске қолдану ісінде колхоздарға, МТС-терге, ММШС-терге және совхоздарға көмектеспей келеді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, совхоздар министрлігі, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы, Қазақ ССР Ғылым академиясы ғылми мекемелердің жұмысындағы кезіргі кемшіліктерді жоюға, колхоздармен, совхоздармен және ауылшаруашылық өндірісі озаттарымен нағұрлым тығыз байланыс жасауға міндеттелсін; ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендету жөнінде колхоздарға, МТС-терге, ММШС-терге және совхоздарға практикалық жәрдем көрсетуде ғылми мекемелердің ролі күшейтілсін.

7. Республиканың партия, совет және ауылшаруашылық органдары колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алып өсіру жөнінде қанағаттанғысыз шұғыданың келгені есепке алына отырып, бірінші кезекке мынадай міндет қойылсын — ең алдымен колхоз председательдерінің құрамына жоғары және орта дәрежелі ауылшаруашылық білімі бар, саяси, іскерлігі жағынан тексерілген, ірі колхоз шаруашылығын басқару қолынан келетін мамандарды іріктеп алып жоғарылату арқылы жүргізілсін.

БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ

М. Ю. ЛЕРМОНТОВ

Орыстың ұлы ақыны Михайл Юрьевич Лермонтовтың туғанына ертең 139 жыл толады. Ол 1814 жылғы 15 октябрьде Москва қаласында туған. Әке- шешесінен жастай айырылған Лермонтов нағашы әжесінің тәрбиесінде болады. Ақын өңсіз өмірдің әділетсіздігін бала кезінің өзінде-ақ сезе бастап, оған жиреніспен қарайды.

Атақты сыншы Виссарион Белинский Лермонтовтың ақындығы туралы: «Пікірінің терендігі, поэтикалық образдарының көркемдігі, поэтикалық тартымдылығы, қызықтырып, еліктіріп әкетуінің күштілігі жағынан, өмірді толық қамтуы және өзіне тән ерекшелігі жағынан, жалын атқан фонтандай тасыған күші жағынан Лермонтов шығармалары ұлы ақындардың шығармаларын еске түсіреді» деп өте жоғары бағалады.

Ақын 1828 жылы Москва университетінің жанындағы пансионға түскен уақытынан бастап, поэзиямен айналысып, өлең жаза бастайды.

Лермонтовтың идеялық жағынан өсуіне 1825 жылғы декабристер көтерілісінің зор әсері тиді. Ақынның әжесі декабристер қозғалысына қатысқан адамдармен жақын болған. 11 жасар Лермонтов декабристердің негізгі идеясы, көтерілісі туралы сол уақыттың өзінде-ақ білген еді. Оның алғаш жазған «Вадим» атты атақты романында помещиктердің жүгенсіздігіне қарсы шыққан шаруалар қозғалысы суреттеледі. Міне, бұдан ақынның идея жағынан декабристермен жақын болғандығы айқын аңғарылады.

Лермонтов Пушкиннен үйрене отырып, жазудың жаңа жолын іздеді. Жаңа жанрда шығармалар жазды, орыс әдебиетін, дүние жүзі әдебиетін құмарта оқыды. 1830—1831 жылдары екі жүздей өлең, он поэма, үш драма жазады. Пансионда оқып жүрген жылдары француз революциясы туралы жазған өлеңдерінен ақын аңсаған еркін өмірдің елесі көрініп отырады.

1838-1839 жылдары ақынның әдебиеттегі бағыты әбден қалыптасты. «Біздің заманның қаһарманы» деген романы жас кезіндегі прозаларымен салыстырғанда, оның көп ілгері кеткенін көрсетеді. Бұл тақырыпты өзі Кавказда жүрген жылдарында, Кавказ өмірінен алып жазды. Ұлы жазушылар Л. Толстой, А. Чехов, И. Тургенов Лермонтовтың бұл романын өте жоғары бағалап, одан көп үйренген.

Ұлы ақын патша өкметінің бітіс пес жауы болды. Еңбекші халықты қараңғылық пен құлдық бұғауында ұстап отырған ат төбеліндей қанаушылар табын шығармаларында жеріне жеткізе әшкереледі. Даныпшан ақын Пушкиннің патша жендетінің қолынан қаза табуы Лермонтовтың ар- ұятын сілкіндіріп, халықтардың түрмесі болған патшалық қоғам құрылысына бұрыннан өш патриот ақынның өшпенділігін өршіте түсті.

Ол «Ақын өліміне» деген атақты өлеңінде:

Бұзылғандар, сот ілгері,
Болар ол сот, үлкен сот.
Сөз де, іс те аян оған,
Оны алтынмен алдау жоқ.
Өтірік дәрдем бола алмас,
Ақыйқат нақ ақын қаны.
Қара қаның жуа алмас» — деп

патша жендеттерін әшкерелеп, ілгеріде сендерге де әділ үкім болар деп, болашаққа сенім білдірді. Патша жандармы Беккендорф ақынды осы өленді жазғаны үшін Кавказға жер аударды. Ақын айдауда жүріп «Кавказ», «Теректің сыйы», тағы басқа шығармаларын жазды.

Лермонтов 1841 жылы Пятигорск қаласының жанында күншіл, мансапқор, зұлым Мартыновтың қолынан қаза тапты. Патша өкметі Пушкинді өлтіргені сияқты 26 жасында Лермонтовты да қазаға ұшыратты.

Лермонтовтың шығармалары қазақ даласына да ерте тарады. Осыдан 50—60 жыл бұрын қазақтың ұлы ақыны Абай Лермонтовтың шығармаларын қазақшаға аударды. Пушкин, Некрасов және басқа орыс классиктерін қазақ халқына алғаш таныстырушы да Абай болды. Абай ақынның «Теректің сыйы», «Альбомға», «Қаңжар», «Қараңғы түнде тау қалғып» және басқа шығармаларын аударды.

Бұл күндері Лермонтов шығармалары ССРО халықтарының тілдеріне аударылды, сол сияқты, қазақ тіліне де аударылып, ол қазақ халқының сүйіп оқыйтын ақынына айналды.

Белинский осыдан 100 жыл бұрын Лермонтовтың есімі әдебиетте халықтық есім болатын кезге онша көп уақыт қалған жоқ деп жазған еді. Міне, ұлы сыншының көрегендікпен айтқаны біздің заманымызда іске асты. Орыстың классикалық әдебиетінің көркі болған ақын шығармалары кәзіреесінің қолында.

М. НҰРПЕИСОВ.

Полудень ауданында

КОЛХОЗ РАДИО ТОРАПТАРЫ

Ауданда радиоландырылған колхоздар саны арта түсуде. Жуырда «Красное знамя» және Киров атындағы колхоздарда радиоторабы орнатылып, пайдалануға берілді. Кәзір «Парижская коммуна» колхозында радио торабы қалының жатыр. Бұл аудан колхоздарындардың ішінде Киров атындағы колхоздың машинистері П. Куровский, Дубовик, Молотов атындағы колхоздың трактористі Э. Линд және С. Ахметов бар.

САБАН МЕН ТОПАН ТОЛЫҚ МАЯЛАНДЫ

Ленин атындағы колхоздың мүшелері

Қытайдың Орталық халық үкметінің саяси конференция шақыру жөніндегі АҚШ-тың хатына жауабы

ПЕКИН, 10 октябрь, (СОТА). Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрлігі Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметінің саяси конференция шақыру жөніндегі АҚШ-тың хатына жауабын жариялады. Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі атынан сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лай қайтарған жауапта былай делінген:

«Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі Құрама Штаттар үкметінің Швеция үкметі арқылы 19,24 сентябрьде және 9 октябрьде берген үш хатын еске алды және Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметімен бірлесіп танысып шықты.

Кәзір мен Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі атынан мынаны мәлімдеуге өкіл болып отырмын:

1. Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі және Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметі өздерінің 1953 жылғы 13 және 14 сентябрьде БҰҰ-ның бас секретары Даг Хаммаршельд мырзаға қайтарған жауап телеграммаларында төрт ұсыныс жасады, бұл ұсыныстар БҰҰ Бас Ассамблеясы 8-ші сессиясының саяси конференцияға қатысушылар құрамын ұлғайтуға неғұрлым тез шаралар қолдануға тиісті екенін, сөйтіп, бұл конференцияның тез шақырылатын болуын көздейді. Бұл ұсыныстарды БҰҰ-ның бас секретары БҰҰ Бас Ассамблеясының 8-ші сессиясына ресми түрде тапсырды. Совет Одағының БҰҰ-дағы делегациясының басшысы Андрей Вышинский мырза БҰҰ Бас Ассамблеясының 8-ші сессиясы председателінің атына жазылған 18 сентябрьдегі хатында Қытай Халық Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы үкметінің жоғарыда көрсетілген ұсынысын сессияның күн тәртібіне енгізуді өтінді. Бірақ, БҰҰ Бас Ассамблеясының 8-ші сессиясы бұларды өзінің күн тәртібіне енгізуден бастартты. Орталық халық үкметі мұны БҰҰ Бас Ассамблеясының бейбітшілік келіссөздер жолымен халықаралық таластарды шешу принципіне қарсы шығып отырғандығының белгісі деп есептейді. Мұның өзі ақылға сыйымсыз. Сондықтан қатты қынжылатынын білдіреді.

2. Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі саяси конференция өзінің формасы жағынан Панмыньчжондағы келіссөздерді қайталамауға, қайта Кореядағы соғысушы екі жақтан басқа конференцияға мүдделі бейратап мемлекеттерді қатыстыруға тиіс, мұның өзі конференцияны ешбір кедергісіз өткізуді жеңілдеткен болар еді, сөйтіп, барлық шетел әскерлерін әкету туралы мәселелерді шешу, корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу және басқа мәселелерді шешу жөнінде жол табуға болар еді деген көзқарасты әрқашан да ұстап келді. Бірақ, БҰҰ Бас Ассамблеясы БҰҰ-ның мақсаттары мен оның Уставының принциптерін елемей, Кореяда соғысты жүргізуші бір жақтың ғана позициясын ұстады және Индияның саяси конференцияға қатысуына қарсы болып отырған азшылықтың көзқарасын қабылдап, БҰҰ мүшелерінің көпшілігін халықаралық таластарды

бір колхозда, МТС-те, ММШС-те және совхозда іс жағдайы үшін жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары басшыларының жауаптылығы, партия және мемлекеттік тәртіп арттырылсын.

3. Жергілікті партия және совет ұйымдары басшыларының ауыл шаруашылығындағы жеке салалардың артта қалуы объективтік себептерден болып отыр, мұндай артта қалғандықты жою мемлекеттен жәрдем алуға ғана байланысты, деуі теріс және зиянды деп табылсын. Осындай зиянды тілемсектік пиғылға беріліп, мұндай пиғылды жеке колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің, совхоздардың артта қалған басшылары арасында тарата отырып, әлгі қызметкерлер әрбір облыста бір тең жағдайда ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алатын және

легіне айналуы қамтамасыз етілсін.

Ауылшаруашылық ғылымы мен практикасының табыстары жөнінде көпшілікке арналған әдебиет шығарылуы жақсартылсын, озат колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің және ауыл шаруашылығы жұмысшыларының табыстары туралы көркем суретті плакаттар, арнаулы листовкалар шығарылуы ұйымдастырылсын.

Колхозшылардың және совхоз жұмысшыларының ұшжылдық агрозоотехникалық курстарда оқуын ұйымдастыру және бұл оқудың сапасы жақсартылсын.

Саяси және ғылми білімдерді тарату жөніндегі республикалық қоғам ауылшаруашылық насихатын ұйымдастырудағы кемшіліктерін жоюға міндеттелсін, МТС, совхоз жұмысшыларының, колхозшы ша

Өндірістік бригадалардың бригадирлер құрамын нығайтуға және мал фермаларының меңгерушілерін нығайтуға шаралар істелсін, бұл жұмыс өндірісті жақсы білетін тәжірибелі колхозшыларды және ауыл шаруашылығының мамандарын жоғарылату арқылы жүргізілсін.

8. Орталық Комитеттің пленумы республиканың партия, совет және ауылшаруашылық органдарынан ауыл шаруашылық артелі Уставының мүлтіксіз орындалуын үздіксіз бақылап отыруды талап етеді, колхоздардың қоғамдық жері мен мүлкіне қол сұғушылықтан оларды қорғауды, колхоздарда иесіздікті жою шараларын істеуді, еңбек ұйымдастырылуын жақсартуды және еңбек тәртібін арттыруды, қоғамдық өндіріске барлық колхозшылардың белсене қатысуын қамтамасыз етуді талап етеді.

дағы он екінші радио торабы.

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН МАМАНДАР ЖАҢА ҮЙЛЕРГЕ КӨШІП ШЫҚТЫ

Тоқшын совхозының фермаларында жыл сайын көптеген жаңа тұрғын үйлер салынуда. Үстіміздегі жылдың өзінде совхоздың 16 жұмысшысы мен маманы жеке меншігіне стандартты жаңа үй салды. Тракторшы Вольф, бригадирлер: Марозов, Полькин, жұмысшы Безбородов жолдастар және басқалары жаңа үйлерге көшіп шықты.

Совхоз үй салушыларға ұзақ мерзімге 20 мың сом қарыз берді.

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАЛАРЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Мал азығын дайындауда жанаямай еңбек етіп, ерекше көзге түскен машинашы комсомолцтер мен жастарға ҚЛКЖО Орталық Комитетінің құрмет грамоталары тапсырылды.

Құрмет грамотасымен наградталған-

лікті мөлшерде дайындап алды. Осыған қарамастан колхозшылар егін орағы аяқталысымен сабан мен мекенді маялау жұмысын қызу қолға алды. Сөйтіп, барлық сабан мен мекенді мал қоралары жанына тасып үйді.

271 МЫҢ СОМ ҰТЫС ТӨЛЕДІ

Жуырда аудан орталығының заем ұстаушы бір азаматы аудандық жыйнақ кассасына келіп, ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің мемлекеттік екінші заемының облигациясын тексертті. Оның 200 сомдық бір облигациясына 5200 сом ұтыс шықты. Кәзір жыйнақ кассасы соңғы тираждар бойынша ұтыстар төлеуде.

Аудандық жыйнақ кассасы жыл басынан бері мемлекеттік заемдар бойынша облигация ұстаушыларға 271 мың сом ұтыс төледі.

правосынан айырды. Орталық халық үкметі БҰҰ Бас Ассамблеясының мұндай әрекеттері БҰҰ-ын кәзірдің өзінде айырылып отырған беделінен онан әрі айырылуға әкеліп соқтырады. Ал, бұл әрекеттер БҰҰ-ның агрессорлардың халықаралық шиеленісті күшейту мүдделеріне әлі де көмек етіп отырғанын адамдардың бұрынғыдан анағұрлым айқын көруіне мүмкіндік береді деп есептейді.

3. Солай бола тұрса да, Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуды жеңілдетуге бағытталған, корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу саясатын бұлжытпастан жүзеге асыру мақсатымен, саяси конференцияны шақыруды тездету мақсатымен Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметі Корей Халық- Демократиялық Республикасының үкметімен ақылдасқаннан кейін Корей Халық-Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасының үкметтері саяси конференцияға қатысы бар мәселелер бойынша келіссөздер жүргізу мақсатында Құрама Штаттардың өкілдерімен кездесу үшін өз өкілдерін тағайындауға келісті.

4. Бұл келіссөздерде саяси конференцияның орны мен шақыру мерзімі туралы мәселелер ғана шешілуге тиіс емес, сонымен бірге, мұның өзі анағұрлым маңызды, бұл келіссөздерде саяси конференцияға қатысушылардың құрамы туралы мәселе де шешілуге тиіс.

5. Бұл келіссөздері Кореяда соғысушы екі жақ ғана жүргізетін болғандықтан, бұл келіссөздердің өткізілетін орны Кореядағы Панмыньчжонь болғаны жөн.

ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАИ.

Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкметінің сыртқы істер министрі.

Пекин, 10 октябрь. 1953 жыл».

— —

БАТЫС ГЕРМАН БУНДЕСТАГЫНДА

БЕРЛИН, 9 октябрь. (СОТА). Батыс-германдық ДПА агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Бонның жаңа бундестагы Аденауэрді федералдық канцлер етіп сайлады. Аденауэрді жақтап 304 дауыс берілді, 148 дауыс қарсы шықты. 14 депутат дауыс беруден қалыс қалды.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Партиялық-саяси жұмыс туралы

Республиканың ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындау партия ұйымдарының бұқара арасындағы ұйымдастырушылық және саяси жұмысын барынша жақсартуды керек ететіндігіне Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттерінің ерекше назарын аударады.

Бұқаралық-саяси жұмысты және еңбекшілерге саяси тәрбие беру ісін жолға қою дағы елеулі кемшіліктерді атап көрсете келіп, Орталық Комитеттің пленумы Қазақстан КП облыстық комитеттері мен аудандық комитеттерін мынадай жұмыстарды жүргізуге міндеттейді:

1. Колхоздарда, МТС-терде, ММШС-терде және совхоздарда бұкаралық-саяси жұмысқа басшылық ету негізінен жақсартылсын, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулыларын барлық колхозшыларға, МТС, ММШС және совхоз жұмысшыларына кеңінен түсіндіру қамтамасыз етілсін.

2. Ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендету, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын барлық жағынан бірдей күшейту және колхоздардың ақшадай, заттай табыстарын арттыру жолында социалистік жарыс өрістетілсін.

Облыстардың, аудандардың, колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың арасында шын мағынасында жарыс ұйымдастыру керек, жарыстың нәтижелерін жүртшылыққа жариялап отыру керек, жарыста алынған міндеттемелердің орындалу қорытындыларын үнемі шығарып, бұл істегі кемшіліктерді жоюдың шараларын дер кезінде қолдану қажет.

Саяси насихат пен үгіттің барлық құралдары —лекциялар, баяндамалар, әңгімелер, радио, қабырға газеттері және «жауынгерлік листоктар» — СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысын үздіксіз түсіндіруге, социалистік жарыстың барысын және алынған міндеттемелерді орындауды көрсетіп отыруға бағытталуы тиіс.

3. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросына және облыстық комитеттерге СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысына сәйкес аудандарда партиялық және советтік басшылықты нығайту үшін ауыл шаруашылығын жақсы білетін, колхоздарға, МТС-терге, ММШС-терге және совхоздарға іскерлікпен дұрыс басшылық ете алатын облыстық және республикалық тандаулы қызметкерлердің бір тобын іріктеп алып жіберу тапсырылсын; басшы партия және совет кадрларының ауылшаруашылық білімін арттыру жөніндегі жұмыс ұйымдастырылатын болсын.

4. Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы, облыстық комитеттері мен аудандық комитеттері колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың бастауыш партия ұйымдарын нығайту, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде олардың ролін күшейту шараларын істеуге міндеттелсін.

Колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың бастауыш партия ұйымдары секретарларының құрамын даярлығы бар, тәжірибелі партия қызметкерлерінің есебінен нығайту керек, бастауыш партия ұйымдарының секретарлары арасында жұмысты жақсарту керек және партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты күшейтуде оларға үздіксіз көмек көрсетіп отыру керек.

5. Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы Орталық Комитеттің бюросын, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттерін, ҚЛКЖО Орталық Комитетін ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы күресте комсомол ұйымдарының ролін арттыруға, селолық жастардың социалистік жарысқа көбірек қатыстырылуын қамтамасыз етуге, жастардың инициативасы мен бастамаларын барынша қолдап, демеп отыруға міндеттейді.

6. Облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері колхозшы әйелдердің, МТС, ММШС және совхоз жұмысшы әйелдерінің арасында бұкаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмысын күшейтуге міндеттелсін, оларға өндірістік және тұрмыс жағдайларын жасау қамын ойлайтын болсын, барлық колхоздарда, МТС-терде, ММШС-терде және совхоздарда балалар бақшалары, яслилер мен алаңдар ұйымдастырылатын болсын, әйелдер колхоз құрылысына кеңінен қатыстырылсын және егін шығымдылығы мен мал шаруашылығы өнімділігін арттыру жолындағы күреске белсене қатыстырылатын болсын.

7. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, облыстық партия комитеттері мен аудандық партия комитеттері деревнядағы мәдени-ағарту орындарының жұмыс дәрежесін арттыруға, клубтар мен кітапханалардың жұмысын жақсартуға, кинофильмдерді үздіксіз көрсетіп отыруға, селоларды радиоландыру жұмысын кеңінен қамтамасыз етуге, радиохабарын тарату сапасын жақсартуға және село халқын мәдени-тұрмыс жағынан қамту ісін күшейтуге үздіксіз қамқорлық жасауға міндеттелсін.

8. Орталық Комитеттің пленумы республикалық, облыстық және аудандық газеттердің редакцияларын социалистік жарыстың барысын кеңінен, барлық жағынан толық көрсетіп отыруға, озат колхоздардың, МТС-тердің, ММШС-тердің, совхоздардың, колхозшылардың, колхоз және совхоз өндірісі шеберлерінің озат тәжірибесін, партия және совет органдарының ауыл шаруашылығына басшылық ету жөніндегі жұмыс практикасын кеңінен толық көрсетіп отыруға міндеттейді.

* * *

СОКП Орталық Комитеті мен Совет үкметінің төңірегіне тығыз топтасқан республиканың партия ұйымы және барлық еңбекшілері өздеріне жүктелген міндеттерді атқарады, қысқа мерзім ішінде республика ауыл шаруашылығының барлық салаларын мейлінше өркендетеді, біздің елімізде халық үшін азық-түлік молшылығын, өнеркәсіп үшін ауылшаруашылық шикізаттарының молшылығын жасау ісіне өздерінің лайықты үлесін қосады деп Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы берік сенім білдіреді.

Кітаптарды талқылау

Жуырда облыстық кітапхана коллективінің инициативасы бойынша жазушы Всеволод Кочетовтың «Журбиндер» романын талқылауға арналған кітап оқушылар конференциясы өткізілді. Оған кітапхананың 120-дан астам кітап оқушылары қатысты. «Журбиндер» романы туралы қалалық оқу бөлімінің инспекторы Полещук жолдас баяндама жасады. Ол жыйналғандарды талантты совет жазушысы В. Кочетовтың өмірбаянымен, творчестволық өсу жолымен таныстыра келіп, романды толық талдап өтті. Полещук жолдас жазушының Журбиндер семьясы арқылы орыс жұмысшы табының өкілдерін, олардың совет өкметі тұсында тамаша өскендігін шеберлікпен сүреттеп көрсеткенін, кейбір кемшіліктеріне қарамастан бұл романның еңбекшілер, әсресе, жұмысшылар ұнатып оқыйтын құнды шығармалар қатарына жататынын айтты.

Баяндама аяқталғаннан кейін жұмысшы Конин, мұғалім Исаев, студентка Евдокимова жолдастар шығып сөйлеп, роман туралы өздерінің пікірлерін ортаға салды.

Кітап оқушыларының бұл конференциясы өте қызықты болып өтті.

Кітапхана коллективі жақын арада жазушы Орест Мальцевтің «Югословия трагедиясы» атты романы бойынша конференция өткізуге дайындалуда.

М. КӘМӘЛИЕВ.

Мәдениет орындары көбеюде

Партиямыз бен үкметіміздің ауыл шаруашылығына үнемі қамқорлық жасап отыруы нәтижесінде Преснов ауданының колхоздары ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайып, колхозшылардың әл-ауқат күйі үздіксіз жақсарып келеді. Кәзір аудандағы 24 колхоздың 15-інде клуб бар, 8 колхозда радио торабы жұмыс істейді.

Жуырда «Путь к коммунизму» колхозында жаңа клуб үйі салынып бітті. Колхозшылар Октябрьдің 36 жылдық мерекесін өздерінің жаңа клубында қарсы алатын болады.

М. НАЗАРИН

В. И. Ленин атындағы теміржолшылар клубы көркемөнер дарындылары үйірмелеріне мүшелер қабылдай бастады.

Мұнда хор және жеке ән салу, балет, халық музыка аспаптарының, драма және көркемсөз оқу, музыка аспаптары үйірмелері жұмыс істейді.

Үйірмелерге дүйсенбі күнінен басқа күндерде күн сайын кешкі сағат 7-ден бастап клубтың екінші этажындағы хор үйірмесі бөлмесінде жазылуға болады.

«Қоғалдандыру» тресі күзгі қоғалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін түрлі көркейткіш ағаштар мен жеміс ағаштарын және үйде өсетін 80 түрлі гүлдер сатады.

Трест ағаштар отырғызу үшін колхоздармен шарт жасасады.

Адрес: Петропавл қаласы, Қызылту көшесі, 93-үй. Телефон 1-82.

Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үйде тұрушы Михаил Андреевич Титов, Петропавл қаласы, Степная көшесі, 7-үйде тұрушы Зоя Ильинична Титовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 2-участоктік халық сотында қаралады.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ӨРШІЛ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

— — —

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«АННА ПРОЛЕТАРКА»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02029.

Қазақ ССР, Мәдениет министрлігінің Жоғарғы баспасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.